Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы өтінішін қарау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Шымкент қ. 31 қаңтар 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы *(бұдан әрі - Басқарма)* 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №22-04-06/1743 ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы өтінішхат келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі №190/НҚ бұйрығымен бекітілген монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытынды беру туралы қағидасын *(бұдан әрі – Қағида)* басшылыққа ала отырып қорытынды жасалады.

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағының 27) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлардың бірі монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысының болуы.

Қағиданың 7-тармағына сәйкес, ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру келесі кезеңдерден тұрады:

1) тауар нарығын және оның географиялық шекараларын айқындау;

2) тиісті тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің санын айқындау;

3) қорытынды беру.

1. Тауар нарығын анықтау

Басқарма өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

1) тиісті өңірдің инвестициялық тартымдылығын жақсарту бойынша талдамалық зерттеулер жүргізу;

2) инвесторлардың қызметін ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жергілікті және орталық мемлекеттік органдармен, өнеркәсіптік инновациялық қызмет субъектілерімен, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен кездесулер ұйымдастыру, инвестициялық тақырып бойынша бизнес-форумдар, конференциялар және семинарлар өткізу, инвесторлардың өңірлік дерекқорын қалыптастыру және жүргізу;

3) өңірдің қолайлы инвестициялық имиджін ілгерілету, оның ішінде өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпарат беру;

4) инвесторлармен келіссөздер қорытындысы бойынша қол жеткізілген ресми уағдаластықтарды іске асыру мониторингін жүргізу;

5) өңір аумағында инвесторлардың қатысуымен іске асырылатын өнеркәсіптік-инновациялық жобаларға мониторинг жүргізу;

6) Ұлттық компания және оның өңірлік өкілдері мен өкілдіктері өткізген, оның ішінде шет мемлекеттің аумағында ұйымдастырған инвестициялық тақырып бойынша іс-шараларға қатысу;

7) Ұлттық компанияға және оның өңірлік өкілдері мен өкілдіктеріне өңірдегі инвестициялық қызмет, оның ішінде инвестицияларды талап ететін өнеркәсіптік-инновациялық жобалар, инвесторлар туралы өзекті ақпаратты тұрақты түрде ұсыну;

8) мемлекеттік қызметтерді, ұйымдар көрсететін қызметтерді алу кезінде инвесторларды сүйемелдеу бөлігінде "бір терезе" қағидаты бойынша инвесторлармен өзара іс-қимыл жасасу;

9) инвесторлардың туындаған мәселелерін шешуге, оның ішінде құрылтай құжаттарына сәйкес қолда бар өкілеттіктер шегінде орталық мемлекеттік органдармен және ұйымдармен кездесулерге бастамашылық ету жолымен көмек көрсету;

10) инвесторларға инженерлік коммуникациялар жүргізуге, жер учаскелері бойынша ақпарат алуға, оларды ресімдеуге, беруге, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру үшін рұқсат беру құжаттарын алуға жәрдем көрсету жатады.

Департамент жоғарыдағы көрсетілген қызметтердің тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамасына *(бұдан әрі - анықтама)* сәйкестігі (немесе сәйкес еместігі) туралы Басқармаға 2024 жылдың 27 желтоқсандағы №17-03-05/1312 сұрау хат жолданған. Басқарманың 2025 жылғы 5 қаңтардағы №22-04-06/3 жауап хатында «Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер» 702212.000.000003 анықтамасына сәйкестігі туралы көрсетілген.

Бұдан әрі, Департамент Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Статистика)* «Инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер» 702212.000.000003 анықтамасы «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші» ЭҚЖЖ кодына сәйкес келетініндігі туралы сұрау хат *(08.01.2025 жылғы №17-03-06/8)* жолдаған болатын. Статитиканың жауап хатына *(10.01.2025 жылғы №14-08-04/32)* сәйкес, жоспарланған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтері 70.22.1 «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру» ЭҚЖЖ кодына сәйкес келетіні анықталды.

Бұл ішкі класқа:

- корпоративтік стратегиялық және операциялық жоспарлау, бизнестің даму бағыттарын айқындау, өзгерістерді басқару, өзіндік құнды төмендету және басқа да қаржылық мәселелер; маркетингтлік мақсаттар мен саясатты әзірлеу;

персоналға қатысты саясат, практика және жоспарлау; өтемақы төлеу және персоналдың зейнетке шығу стратегиясы; өндірісті жоспарлау мен бақылау сияқты басқару мәселелері бойынша кәсіпорындарға және ұйымдарға консультациялық, басқарушылық және операциялық көмек ұсыну

- бухгалтерлік есеп, әдістерін және рәсімдерін, шығындар есебі бағдарламаларын, бюджетті орындау рәсімдерін әзірлеуге қатысты кәсіпорындарға және ұйымдарға консультациялық басқарушылық және ұйымдастырушылық көмек

- жоспарлау, ұйымдастырушылық шаралар, тиімділік пен бақылау, ақпаратты басқару және т.б. салада кәсіпорындарға және ұйымдарға консультация беру және көмек көрсету кіреді.

Осыған орай, Басқарманың өтінішхатында көрсетілген тауарлар (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) 70.22.1 «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру» ЭҚЖЖ тауар нарығына сәйкестігі анықталды.

1.1 Географиялық шекараларын айқындау

Басқарманың өтінішхатына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарланатын тауар нарығының шекарасы - *Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы* болып табылады.

2. Тиісті тауар нарығында тіркелген нарық субъектілерін анықтау

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпаратына *(10.01.2025 жылғы №14-08-04/32)* сәйкес, Шымкент қаласының географиялық шекарасында 70.22.1 «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру» ЭҚЖЖ коды бойынша **94** - жеке кәсіпкерлік субъектілері тіркелгендігі анықталды.

Департамент тиісті тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерін айқындау мақсатында 2025 жылдың 14 қаңтардағы №17-03-05/25 сұрау хатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне *(бұдан әрі - Мемлекеттік кірістер департаменті)* жолдады. Мемлекеттік кірістер департаментінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №МКД-Ш-08-01-08/923 хатына сәйкес, 3 жеке нарық суьбъектісінде 70.22.1 «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру» ЭҚЖЖ коды бойынша кіріс соммалары байқалуда.

Бұл ретте, Департамент аталған 3 нарық субъектісі 70.22.1 «Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру» ЭҚЖЖ коды бойынша қандай жұмыстар жүргізетіндігі туралы 2025 жылғы 28 қаңтардағы №17-03-06/65 сұрау хаты жолдаған болатын. Ұсынылған жауаптарға сәйкес, 3 жеке кәсіпкерлік субъектілері бухгалтерлік қызметтерді ұсыну, кәсіпкерлердің кәсібін дамыту бойынша кеңес беру, салық төлемдерін оңтайландыру қызметтерін атқаратындығы көрсетілген.

3. Қорытынды

Департамент аталған қызметтер бойынша Шымкент қаласының географиялық шекарасында айқындалған тауар нарығында қызметін жүзеге асыратын **жеке кәсіпкерлік субъектісі** тіркелгендігін хабарлайды.

Алайда, жоғарыдағы айтылғандарды басшылыққа ала отырып, Басқарманың өтініш хатында көрсетілген қызметтерді **бәсекелестікті шектемеген жағдайда қанағаттандыру орынды** деп санаймыз.

Департаменттің ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіру жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы **2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

Бұл ретте, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады.**

Департамент басшысы **Е. Косбаев**

Департамент басшысының орынбасары **К. Жанкалов**

Тергеп-тексеру бөлімінің басшысы **Д. Қасымбек**

Тергеп-тексеру бөлімінің бас маманы **Қ. Қарқымбаев**

«ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ»
мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение
«УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ»

БҰЙРЫҚ

05.05.2025 ж.
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 27 н/қ
город Шымкент

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей жасасу арқылы жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 16 - бабының 3 - тармағының 26 тармақшаласына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Заңның 16 - бабының 3 - тармағының 26 - тармақшасымен келесі қызметтер, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін:

1) инвестициялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер.

2. Басқарманың салааралық үйлестіру бөлімінің басшысы Н. Рысқұлбекке мемлекеттік сатып алу веб-порталының шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау басқарма басшысының орынбасары У. Исаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы **Б. Әзімбердиев**

000124